

«Шәкәрім атындағы ЖББМ»

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2024-2025 оқу жылында жүргізілетін

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»
Заңы мен 2024-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын
іске асыруға арналған іс-шаралары бойынша

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: Мектеп фойесіне білім басқармасының Call center 111 телефоны мен сенім телефоны 111 сенім жәшігін орналастыру, түскен арыз-шағымдарды тіркеу кітапшасын арнау

Мақсаты: Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу

Объектісі: жоспарланған

Субъектісі: анықтама

Жауаптылар: ДТЖО

Орындау мерзімі: 2.09.2024ж

Негіздемесі:

2024-2025 оқу жылында жүргізілетін Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы мен 2024-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыруға арналған іс-шаралары бойынша іс шаралар жоспары негізге алынды. Мектебімізде 2024-2025 оқу жылы бойынша Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Мектеп педагогтеріне түсінік жұмысы жүргізілді. Мектеп фойесіне білім басқармасының call center телефоны мен сенім телефоны және сенім жәшігі орналастырылды. Мектепке кіре берісте кезекші отыратын жерде арыз-шағымдарды тіркеу кітапшасы арналды. Ай сайын сенім жәшігі, арыз-шағым кітапшасы тіркеліп қаралып отырылады.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Имантай Д.И.



«Шәкәрім атындағы ЖББМ» КММ

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2024-2025 оқу жылында жүргізілетін

**Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»
Заңы мен 2024-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын
іске асыруға арналған іс-шаралары бойынша**

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: Мектепте түрлі себептермен кез-келген мерекелік іс-шараларды өткізуге, шаруашылық, кеңсе заттарын алуға, тағы басқа мақсатта ата-аналардан заңсыз ақша жинауға қатаң түрде тыйым салу бағытында ата-аналар мен мектеп ұжымына түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Мақсаты: Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу

Объектісі: жоспарланған

Субъектісі: анықтама

Жауаптылар: ДТІЖО

Орындау мерзімі: 10.12.2024

Негіздемесі:

2024-2025 оқу жылында жүргізілетін Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы мен 2024-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыруға арналған іс-шаралары бойынша іс шаралар жоспары негізге алынды. Мектепте түрлі себептермен кез-келген мерекелік іс-шараларды өткізуге, шаруашылық, кеңсе заттарын алуға, тағы басқа мақсатта ата-аналардан заңсыз ақша жинауға қатаң түрде тыйым салу бағытында ата-аналар мен мектеп ұжымына түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Біздің мектебімізде сынып жетекшілеріне оқушылардан ақша жинауға үзілді-кесілді тыйым салынған. Мектепте ақша жинамау туралы бұйрық та мектептің кіреберісінде ілулі тұр. КММ әкімшілігі 2022-2023 оқу жылында соңғы қоңырауға және қорытынды аттестаттауды тапсыруға арналған салтанатты жиынды өткізу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында ЕСКЕРТЕДІ:

1. Мектеп әкімшілігі мен мұғалімдерге кез-келген түрдегі сыйлықтар алуға, қолма-қол ақша жинауға, соның ішінде ата-аналар комитетінің көмегімен тыйым салынады;
2. Мектептің қажеттіліктеріне, 4,9,11 сыныпты аяқтауға ақша жинауға қатаң тыйым салынады;
3. Мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілері «Соңғы қоңырау» іс-шарасын өткізу тәртібі және қауіпсіздік талаптарын сақтау туралы барлық қатысушыларға нұсқау беруі қажет;
4. Мектеп оқушыларына оқу жылы мен мектептің аяқталуына арналған салтанатты жиын өткізілетін күні қаланың саябақтарында, ойын-сауық орындарында, сондай-ақ оданда тыс жерлерде жаппай мерекелер ұйымдастыруға қатаң тыйым салынады.

Құрметті ата-аналар! Жоғарыда аталған талаптарды орындаудың маңыздылығын еске саламыз, өйткені біздің балаларымыздың өмірі, денсаулығы мен қауіпсіздігі осыған байланысты.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Имантай Д.И.



«Жемқорлық және құқықбұзушылық» атты тақырыпта көрсетілген
кинофильмдерге анықтама

Күні: 12.11.24ж

Мақсаты: Қоғамның әр-түрлі орталарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу, профилактикалық жұмыстарын насихаттау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру, білімдерін дағдыландыру; саяси өмірден хабардар жеке тұлғаны қалыптастыра отырып, шәкірттердің еркін сөйлеуіне, қоғамға деген өз ой - пікірлерімен санасуға жағдай жасау, ҚР-на адал қызмет етуге, Ата заңды құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

«Жемқорлық және құқықбұзушылық» атты тақырыпта оқушыларға кинофильмдер көрсетілді. Біз бүгінде өркениетті еліміздің дамуына тұсау, кемелденуіне кедергі келтірер қоғамдық дертке айналған сыбайлас жемқорлықпен күресудеміз. «Жемқорлыққа жол жоқ» деп ұрандатып, мінберлерден ауызымызды толтырып аяқанымызбен, осының түп-тамырына қалай балта шабуға болады деген сауалға жауап іздеп жүргеніміз шамалы.

Жемқорлық дертіне қалай душар болдық?! Онымен күресті қайдан, қалай бастағанымыз дұрыс?! Қазіргі көпшіліктің басты арманы – бай болу. Баю үшін ар, намысынан бас кешетіндер де біздің қоғамымызда жетерлік. Адамға ақша қызмет етпей, адам ақшаға қызмет ететін түсінік қалыптасқалы бері оның санасы уланды, дүниенің құлына айналды. Жемқорлықтың да бастауы осыдан. Осы қағиданы бұзбай қоғамдағы жемқорлықты жоя алмаймыз. Жемқорлықтың пайда болуы қоғамдағы рухани байлықтың құнсызданып, материалдық құндылықтың алдыңғы сатыға шығуының салдары. Сондықтан, біз қоғамымызда жемқорлыққа қарсы күресті – азаматтарымыздың жүрегіне рухани ізгіліктерді, құндылықтанды сіңіруден бастауымыз қажет. Рухани тұрғыдан бай адам, жемқорлықтай лас істерден жанын таза ұстайды-деп тәрбие орынбасары Имантай Д.И. көрсеткен кинофильмдерге талдау жасады.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Д.И.Имантай



Балалар арасында интернетке тәуелділік пен құмар ойындардың алдын алу мақсатында «Құқықтық сауаттылық-заман талабы» атты ұйымдастырылған түнгі рейдке анықтама

Іс-шара мақсаты: Құқықбұзушылықтың алдын алу, оқушылардың құқықтық сауаттылығын жақсарту. Жасөспірімдердің түнгі жүрісін бақылау.

30.10.24ж құқықбұзушылықтың алдын алу, мақсатында түнгі рәйд жүргізілді. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстардың алдын алу және ескерту, кәмелетке толмағандардың түнгі мезгілде үлкендерсіз жалғыз жүруіне, түнгі уақытта ойын-сауық орындарында болуына, жұмыс істеуіне жол бермеу, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында әр аптаның сенбі-жексенбі күндері директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары И.Д.Имантай, мобильді топ мүшелері, сонымен қатар кезекшілік кестесі бойынша сынып жетекшілері қатысты. Сағат түнгі 21⁰⁰—ден бастап 00⁰⁰-ге дейін жалғасатын рейд барысында ауылдың көшелері мен саябақ маңы, теміржол үсті қатаң тексерілді. Іс-шара кезінде Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 «Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңына сәйкес қадағалаусыз және панасыз қалған жасөспірімдер анықталған жоқ. Оқушылардың түнгі жүрісі кезінде 8 -сынып оқушылары футбол ойынын ойнап жатқан жерінен қайтарылды. Кешкі мезгілде жүруге болмайтындығы туралы түсіндірілді.

Рейд кезінде ешқандай тәртіпсіздікпен құқықбұзушылық байқалмады. Мектепте (8710-59 53-3-30) телефонға ешқандай күрделі мәселелер түскен жоқ. Мектепте ұзақ мерзімде сабаққа келмей жүрген оқушылар жоқ.

Анықтама дайындаған: И.Д.Имантай



«Шәкәрім атындағы ЖББМ»

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2024-2025 оқу жылында жүргізілетін

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»
Заңы мен 2024-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын
іске асыруға арналған іс-шаралары бойынша

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңының 12- бабы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер», 13-бабы «Мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызмет», 14-бабы «Жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың немесе жекжаттардың бірге қызмет(жұмыс) істеуіне жол бермеу», 15-бабы «Мүдделер қақтығысы» баптарын басшылыққа алып жұмыс жүргізу.

Мақсаты: Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу

Объектісі: жоспарланған

Субъектісі: анықтама

Жауаптылар: ДТІЖО

Орындау мерзімі: 18.09.2024

Негіздемесі

2024-2025 оқу жылында жүргізілетін Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы мен 2024-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыруға арналған іс-шаралары бойынша іс шаралар жоспары негізге алынды. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңының 12- бабы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер», 13-бабы «Мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызмет», 14-бабы «Жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың немесе жекжаттардың бірге қызмет(жұмыс) істеуіне жол бермеу», 15-бабы «Мүдделер қақтығысы» баптарын басшылыққа алып жұмыс жүргізу.

Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар (өз қызметін тұрақты емес немесе басқа жұмыстан босатылған негізде жүзеге асыратын мәслихат депутаттарын қоспағанда) және мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар (Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттарының депутаттығына, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органдарына мүшелікке кандидаттарды қоспағанда), лауазымды адамдар өздерінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты болатын лауазымдарды атқара алмайды, сондай-ақ жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары тікелей бағынысында бола алмайды. 1-1. Мемлекеттік лауазымға не мемлекеттік немесе соларға теңестірілген функцияларды атқаруға байланысты лауазымға кандидаттар болып табылатын адамдар өздері лауазымды атқаруға үміткер ұйымның басшылығын осы ұйымда жұмыс істейтін жақын туыстары, жұбайы және (немесе) жекжаттары туралы жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті. 2. Осы баптың 1-тармағының талаптарын бұзатын адамдар, егер олар көрсетілген бұзушылық байқалған кезден бастап үш ай ішінде оны ерікті түрде жоймаса, осындай бағыныстылықты болғызбайтын лауазымға ауысуға тиіс, ал осындай ауысу мүмкін болмаған кезде осы қызметшілердің біреуі лауазымынан шығарылуға немесе көрсетілген функциялардан өзгедей босатылуға тиіс. Ескертпе. Осы Заңда жақын туыстар деп ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылар, асырып алынған балалар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), атасы, әжесі, немерелері, жекжаттар деп – жұбайының (зайыбының) ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), ата-аналары мен балалары түсініледі. 3. Осы баптың 1-тармағында аталған адамдардың квазимемлекеттік сектор субъектісінің бір басқару органында (байқау кеңесінде, атқарушы органында) өзінің

жакын туыстарымен, жубайымен (зайыбымен) және (немесе) жекжаттарымен бирге лауазымдарды аткаруына тыйым салынады. Осы тармактын биринши белигинин талаптарын бузатын адамдар, егер олар корсетилген бузушылык аныкталган кезден бастап уш ай ишинде оны ерikti турде жоймаса, квазимемлекеттик сектор субъектисинин бир баскару органында (байкау кеңесинде, аткарушы органында) бирлескен кызметти (жумысты) болгызбайтын лауазымга ауысуга жатады, ал мундай ауысу мүмкин болмаган кезде осы жумыскерлердин биреуи кызметтен шыгарылуга немесе корсетилген функциялардан өзге де босатылуга жатады.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Имантай Д.И.

